

**Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Ақ-бұлақ»
облыстық балалар оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**

ХАТТАМАСЫ № 2025/2

«05» маусым 2025 жыл

Қараағашты ауылы.

Төрайым: Асанова А.

Хатшы: Байжанов Т.К.

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Ақ-бұлақ» облыстық балалар оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының мәжіліс залында кезекті жиналыс өткізілді.

"Ақ-бұлақ» облыстық балалар оңалту орталығының бөлім меңгерушісі А.Асанова төрайымдық етіп, барлық әкімшілік бөлімі мен бөлім меңгерушілері қатысып ақпараттық-түсіндіру шараларын өткізілді.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен танысу;
2. Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілген өзгерістер туралы ақпарат;
3. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (23.11.2015 ж. №414-V ҚРЗ) және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексімен (29.12.2015 ж. №153 Жарлық) танысу;

Жиналыс барысы:

Жиналысты "Ақ-бұлақ" облыстық балалар оңалту орталығының бөлім меңгерушісі А.Асанова ашып, кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың бірі ретінде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отырғанын атап өтті.

Келесі сөз кезегінде кәсіпорынның заңгер кеңесші Байжанов Т.К. сөз алып, сыбайлас жемқорлықтың бүгінгі қоғамдағы өзекті әрі күрделі мәселе екеніне тоқталды. Ол бұл құбылыстың әлеуметтік қасіретке айналып, барлық мемлекеттер үшін өзекті проблема болып отырғанын атап өтті.

Сонымен қатар, ол Қазақстан Республикасының 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасында алға қойылған 6 негізгі міндеттер блогымен таныстырып өтті. Атап айтқанда:

- Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру;
- Сыбайлас жемқорлық мүмкіндіктерін барынша азайту;

- Азаматтық қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға тарту;
- Саясатты тиімді мониторингтеу;
- Уәкілетті органның жұмысын жетілдіру;
- Құқықтық және ұйымдастырушылық шараларды іске асыру.

Сондай-ақ баяндамашы:

- Қызметкерлердің жемқорлық қылмыстары үшін бірінші басшылардың дербес жауапкершілігі бар екенін;
- Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған азаматтарды көтермелеу жүйесі бар екенін;
- Пара беру, делдал болу және заңсыз араласу үшін жауапкершілік күшейтілгенін атап өтті.

Кәсіпорын қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қатысты қандай да бір деректер немесе күмәнді жағдайлар белгілі болған жағдайда, бірден басшылыққа немесе комплаенс қызметіне хабарласу қажеттігі түсіндірілді.

Жиын барысында қатысушылар тарапынан сұрақтар қойылып, нақты әрі толық жауаптар берілді.

Жиналыс соңында төрайым А.Асанова іс-шараны қорытындылап, заңдылық пен тәртіпті сақтау – әр қызметкердің негізгі міндеті екенін атап өтті.

ШЕШІМ ЕТІЛДІ:

1. “Ақ-бұлақ” облыстық балалар оңалту орталығының барлық қызметкерлері заңдылық пен қызметтік тәртіпті қатаң сақтап, сыбайлас жемқорлық заң бұзушылықтарға жол бермей, өз қызметін адал атқаруы тиіс.

2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылатыны қызметкерлерге ескертілсін.

Төрайым:

Бөлім меңгерушісі  А.Асанова

Хатшы:

Заңгер-кеңесші  Т.К. Байжанов